

## 2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысының облыстық бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 2021 жылғы 10 желтоқсандағы № 12/1 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 23 желтоқсанда № 25929 болып тіркелді.

**Ескерту. 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 20-тармағымен.**

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 8-бабы 2-тармағына, 75-бабына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. 2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысының облыстық бюджеті тиісінше осы шешімнің 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес, оның ішінде 2022 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

- 1) кірістер – 410 700 332 мың теңге, оның ішінде:
  - салықтық түсімдер – 40 313 491,3 мың теңге;
  - салықтық емес түсімдер – 2 902 573,8 мың теңге;
  - негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 848 621 мың теңге;
  - трансферттер түсімі – 366 635 645,9 мың теңге;
- 2) шығындар – 384 755 978,4 мың теңге;
- 3) таза бюджеттік кредиттеу – 9 472 420,5 мың теңге, оның ішінде:
  - бюджеттік кредиттер – 22 564 304,2 мың теңге;
  - бюджеттік кредиттерді өтеу – 13 091 883,7 мың теңге;
- 4) қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдо – 29 955 154 мың теңге, оның ішінде:
  - қаржы активтерін сатып алу – 29 955 154 мың теңге;
  - мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;
- 5) бюджет тапшылығы (профициті) – -13 483 220,9 мың теңге;
- 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 13 483 220,9 мың теңге:
  - қарыздар түсімі – 12 928 434 мың теңге;
  - қарыздарды өтеу – 11 634 828,8 мың теңге;
  - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 12 189 615,7 мың теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 20.01.2022 № 13/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.03.2022 № 15/4 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.04.2022 № 16/1 (01.01.2022 бастап**

қолданысқа енгізіледі); 08.06.2022 № 17/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.07.2022 № 19/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 28.09.2022 № 21/2 ( 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 09.11.2022 № 22/3 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. 2022 жылға арналған облыстық бюджет кірістері Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне сәйкес мына салықтық түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан алынатын корпоративтік табыс салығы;

облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы;

жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемдер;

орманды пайдаланғаны үшін төлемдер;

қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақылар;

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені немесе ұзартқаны үшін алымдар.";

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 28.09.2022 № 21/2 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

3. 2022 жылға облыстық бюджетке аудандар мен Петропавл қаласының бюджеттерінен түсетін түсімдердің жалпы сомасын бөлу мынадай мөлшерлерде белгіленсін:

ірі кәсіпкерлік субъектілерінен және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан корпоративтік табыс салығы бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары, Петропавл қаласы – 100 пайыз;

төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары, Петропавл қаласы – 100 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша:

Петропавл қаласы – 100 пайыз;

төлем көзінен салық салынбайтын шетелдік азаматтар табыстарынан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары, Петропавл қаласы – 100 пайыз;

өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары, Петропавл қаласы – 100 пайыз.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 28.09.2022 № 21/2 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

4. 2022 жылға аудандар, Петропавл қаласы бюджеттеріне салықтан түсетін түсімдердің жалпы сомасын бөлу белгіленсін:

төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары – 100 пайыз;

әлеуметтік салық бойынша:

Айыртау, Ақжар, Аққайың, Есіл, Жамбыл, Мағжан Жұмабаев, Қызылжар, Мамлют, Ғабит Мүсірепов атындағы, Тайынша, Тимирязев, Уәлиханов, Шал ақын аудандары, Петропавл қаласы – 100 пайыз;

5. Облыстық бюджеттің кірістері мынадай салықтық емес түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін:

облыстық әкімдіктің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысы бөлігінің түсімдері;

облыстық коммуналдық меншіктегі мүлікті жалға беруден түсетін түсімдер;

облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар;

жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің дебиторлық, депоненттік берешегінің түсімдері;

бұрын облыстық бюджеттен алынған, пайдаланылмаған қаражатты қайтару;

облыстық бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер.

**Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 28.09.2022 № 21/2 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

6. Облыстық бюджеттің кірістері облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін.

7. Облыстық бюджет түсімдері мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеуден түсетін түсімдер есебінен қалыптастырылатыны белгіленсін.

8. Облыстық бюджеттен аудандар мен Петропавл қаласының бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялар 2022 жылға 47 304 320 мың теңге сомасында белгіленсін, оның ішінде:

Айыртау – 4 393 728 мың теңге;  
Ақжар – 2 867 043 мың теңге;  
Аққайың – 2 963 473 мың теңге;  
Есіл – 3 650 246 мың теңге;  
Жамбыл – 3 974 114 мың теңге;  
Мағжан Жұмабаев – 4 069 788 мың теңге;  
Қызылжар – 4 344 174 мың теңге;  
Мамлют – 2 943 476 мың теңге;  
Ғабит Мүсірепов атындағы – 4 370 464 мың теңге;  
Тайынша – 4 414 778 мың теңге;  
Тимирязев – 2 136 832 мың теңге;  
Уәлиханов – 3 035 885 мың теңге;  
Шал ақын – 2 999 803 мың теңге;  
Петропавл қаласына – 1 140 516 мың теңге.

9. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі ескерілсін, оның ішінде:

- 1) ішкі істер органдары қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларын көтеруге;
- 2) объектілерді күзету функцияларын бәсекелес ортаға беруге;
- 3) арнаулы мекемелердің, айдауыл қызметінің, кезекші бөлімдердің және жедел басқару орталықтарының, кинологиялық бөліністерінің қызметкерлеріне және учаскелік полиция инспекторларының көмекшілеріне тұрғын үй төлемдеріне;
- 4) ішкі істер органдары азаматтық қызметшілерінің қатарындағы медицина қызметкерлерінің еңбекақысын арттыруға;
- 5) инвестициялық салымдар кезінде балық шаруашылығы субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге;
- 6) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру және сақтандыру шеңберіндегі субсидиялауға;
- 7) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға;
- 8) ауыл шаруашылығы жануарларын, техниканы және технологиялық жабдықты сатып алуға кредит беру, сондай-ақ лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға;
- 9) саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге және карантинді объектілерге қарсы өңдеу жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялауға;

- 10) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;
- 11) үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыруға;
- 12) Қазақстан Республикасында мүгедек адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту;
- 13) кохлеарлық импланттарға сөйлеу процессорларын ауыстыру және теңшеу жөніндегі көрсетілетін қызметтерге;
- 14) нәтижелі жұмыспен қамтуды дамытуға;
- 15) алып тасталды – Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 08.06.2022 № 17/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;
- 16) мемлекеттік ұйымдардың: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелердің, үйде қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдарының, халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыскерлерінің жалақысын көтеруге;
- 17) азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;
- 18) мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 19) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шараларды өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге;
- 20) мемлекеттік мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;
- 21) үш жастан алты жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтуды қамтамасыз етуге;
- 22) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді ұлғайтуға;
- 23) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға;
- 24) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;
- 25) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;
- 26) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шараларды өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге;
- 27) мемлекеттік орта білім беру ұйымдарының әдістемелік орталықтарының (кабинеттерінің) әдіскерлеріне магистр дәрежесі үшін қосымша ақы төлеуге;
- 28) ересектерге арналған қосымша білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік білім беру ұйымдарының медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді ұлғайтуға;

29) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

30) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының дене шынықтыру педагогтеріне сабақтан тыс іс-шараларды өткізгені үшін қосымша ақы төлеуге;

31) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

32) мемлекеттік техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

33) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін мемлекеттік ұйымдардың медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеуді ұлғайтуға;

34) көпбалалы және аз қамтылған отбасылардың балалары үшін жоғары білімі бар мамандарды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға;

35) медициналық ұйымның жыныстық құмарлықты төмендететін, сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын іс-шараларды өткізуіне;

36) қаржы лизингі шарттарымен сатып алынған санитариялық көлік бойынша лизинг төлемдерін өтеуге;

37) вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға;

38) саламатты өмір салтын насихаттауға;

39) жұқтырылған иммунитет тапшылығы синдромының профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыруға;

40) жергілікті атқарушы органдардың денсаулық сақтау саласындағы ұйымдары қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;

41) тергеу изоляторлары мен қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде ұсталатын адамдарға медициналық көмек көрсетуге;

42) мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және архив мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және архив мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге ;

43) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік ұйымдардың медициналық жұмыскерлеріне еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

44) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік орта және қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

45) кәсіпкерлік субъектілерінің санитариялық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстауға арналған шығындарының бір бөлігін субсидиялауға;

46) алып тасталды – Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 08.06.2022 № 17/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

47) 2021–2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін жас кәсіпкерлерге мемлекеттік гранттар беру;

48) алып тасталды – Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 08.06.2022 № 17/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен;

49) аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз етуге және өткізуге;

50) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау;

51) ішкі нарыққа реттеушілік әсер ету үшін азық-түлік астығын өткізу кезінде агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық компанияның шеккен шығыстарын өтеуді субсидиялау;

52) тыңайтқыштардың (органикалық тыңайтқыштарды қоспағанда) құнын субсидиялау;

53) басым дақылдар өндірісін дамытуды субсидиялау;

54) сұранысқа ие мамандықтар бойынша жастарды тегін техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз ету;

55) археологиялық ескерткіштерді сақтау;

56) мәслихат депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру.

Республикалық бюджеттен көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу " 2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

57) мемлекеттік орта білім беру ұйымдары педагогтерінің нормативтік оқу жүктемесінің төмендеуіне байланысты төмен тұрған бюджеттердің шығындарын өтеуге.

Ескерту. 9-тармаққа өзгерістер еңгізілді Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 08.06.2022 № 17/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.07.2022 № 19/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 09.11.2022 № 22/3 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

10. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен нысаналы даму трансферттері түсімі ескерілсін, оның ішінде:

1) білім беру объектілерін салуға;

2) ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға;

3) облыс орталықтарында инженерлік және көліктік (абаттандыру) инфрақұрылымды дамытуға;

4) индустриялық инфрақұрылымды дамытуға;

5) инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға;

6) жаңа сызба бойынша пилоттық жобалар шеңберінде коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға;

7) "Солтүстік" әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы" АҚ жарғылық капиталын ұлғайтуға;

8) шағын және моноқалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға.

Республикалық бюджеттен көрсетілген нысаналы даму трансферттерін бөлу "2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 08.06.2022 № 17/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

11. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі ескерілсін, оның ішінде:

1) "Ауыл - Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу "2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

12. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен нысаналы даму трансферттері түсімі ескерілсін, оның ішінде:

1) коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін салуға және (немесе) реконструкциялауға;

2) инженерлік коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және (немесе) жайластыруға;

3) ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға;

4) көлік инфрақұрылымын дамытуға;

5) шағын және моноқалаларда бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыруға;

6) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендерде әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан көрсетілген нысаналы даму трансферттерін бөлу "2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 08.06.2022 № 17/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

12-1. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт есебінен ағымдағы нысаналы трансферттер түсімі ескерілсін, оның ішінде:

- 1) нәтижелі жұмыспен қамтуды дамытуға;
- 2) мемлекеттік ұйымдар: стационарлық және жартылай стационарлық үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелер, үйде қызмет көрсету, уақытша болу ұйымдары, халықты жұмыспен қамту орталықтары жұмыскерлерінің жалақысын көтеруге;
- 3) азаматтық қызметшілердің жекелеген санаттарының, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлерінің жалақысын көтеруге;
- 4) вакциналарды және басқа да иммундық-биологиялық препараттарды сатып алуға ;
- 5) жергілікті деңгейдегі денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жарақтандыруға;
- 6) "Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым бойынша іс-шараларды іске асыруға;
- 7) көлік инфрақұрылымының басым жобаларын қаржыландыруға.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт есебінен көрсетілген ағымдағы нысаналы трансферттерді бөлу "2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

**Ескерту. Шешім 12-1–тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 08.06.2022 № 17/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

12-2. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт есебінен нысаналы даму трансферттері түсімі ескерілсін, оның ішінде:

- 1) денсаулық сақтау объектілерін салуға;
- 2) ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау және су бұру жүйесін дамытуға.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт есебінен көрсетілген нысаналы даму трансферттерін бөлу "2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

**Ескерту. Шешім 12-2–тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 08.06.2022 № 17/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

13. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін бюджеттік кредиттер ескерілсін, оның ішінде:

- 1) мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін;

- 2) кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеу жүргізуге;
- 3) ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларда микрокредиттер беру үшін.

Көрсетілген сомаларды бөлу "2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 08.06.2022 № 17/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

14. 2022 жылға арналған облыстық бюджетте аудандар мен Петропавл қаласының бюджеттеріне нысаналы трансферттер көзделсін.

Көрсетілген трансферттерді бөлу "2022-2024 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облыстық бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының шешімін іске асыру туралы Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің қаулысымен айқындалады.

14-1. 5-қосымшаға сәйкес облыстық бюджеттен және республикалық бюджеттен 2021 жылы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару есебінен 2022 жылға арналған облыстық бюджет шығыстары қарастырылсын.

**Ескерту. Шешім 14-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 16.03.2022 № 15/4 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

15. 2022 жылға арналған жергілікті бюджеттерді атқару процесінде осы шешімнің 4-қосымшасына сәйкес жергілікті бюджеттік бағдарламалар секвестрлеуге жатпайтыны белгіленсін.

16. Солтүстік Қазақстан облысы жергілікті атқарушы органының 2022 жылға арналған резерві 122 445,5 мың теңге сомасында белгіленсін.

**Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 09.11.2022 № 22/3 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

17. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін Солтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт, ветеринария, орман шаруашылығы және ерекше қорғалатын табиғи аумақтар салаларындағы мамандарға, сондай-ақ облыстық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік ұйымдарда жұмыс істейтін көрсетілген мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

18. Аудан бюджеттерінде ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт

және ветеринария ұйымдарының мамандарына бюджет қаражаты есебінен коммуналдық қызметтерге ақы төлеу және отын сатып алу бойынша әлеуметтік қолдау көрсетуге шығыстар көзделсін.

19. Солтүстік Қазақстан облысының жергілікті атқарушы органы қарызының лимиті 2022 жылға 79 028 984,1 мың теңге мөлшерінде белгіленсін.

20. Осы шешім 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облыстық  
мәслихатының хатшысы

В. Бубенко

Солтүстік Қазақстан  
облыстық мәслихатының  
2021 жылғы 10 желтоқсандағы  
№ 12/1 шешіміне  
1-қосымша

## 2022 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облыстық бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының 20.01.2022 № 13/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 16.03.2022 № 15/4 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.04.2022 № 16/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 08.06.2022 № 17/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 27.07.2022 № 19/1 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 28.09.2022 № 21/2 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 09.11.2022 № 22/3 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты	Сыныбы		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Кіші сыныбы		
1	2	3	4	5
			1) Кірістер	410 700 332
1			Салықтық түсімдер	40 313 491,3
	01		Табыс салығы	37 873 119,3
		1	Корпоративтік табыс салығы	12 381 938,5
		2	Жеке табыс салығы	25 491 180,8
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	2 440 372
		3	Табиғи және басқа ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	2 435 708
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті	4 664

			жүргізгені үшін алынатын алымдар	
2			Салықтық емес түсімдер	2 902 573,8
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	699 335,4
		1	Мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері	36 396
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	81 702
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	581 237,4
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	629 292,8
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (	629 292,8

			шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	1 573 945,6
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	1 573 945,6
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	848 621
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	848 621
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	848 621
4			Трансферттердің түсімдері	366 635 645,9
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	52 770 540,9
		2	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттерден трансферттер	52 770 540,9
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	313 865 105
		1	Республикалық бюджеттен берілетін трансферттер	313 865 105
Функционалдық топ			Атауы	
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі				Сомасы, мың теңге

		Бағдарлама		
1	2	3	4	5
			2) Шығындар	384 755 978
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	5 790 302,2
	110		Облыс мәслихатының аппараты	142 222
		001	Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	108 220
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	800
		005	Мәслихаттар депутаттары қызметінің тиімділігін арттыру	3 343
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	29 859
	120		Облыс әкімінің аппараты	3 158 345,9
		001	Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	1 914 006,8
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5 000
		007	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	136 242
		009	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды	288 411

			қамтамасыз ету және өткізу	
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	814 686,1
	257		Облыстың қаржы басқармасы	1 405 802
		001	Жергілікті бюджетті атқару және коммуналдық меншікті басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	406 289,7
		009	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	187,3
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	999 325
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	83 516
		075	Облыс Қазақстан халқы Ассамблеясының қызметін қамтамасыз ету	83 516
	269		Облыстың дін істері басқармасы	79 095,3
		001	Жергілікті деңгейде дін істер саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	60 696
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	8 016

		005	Өңірде діни ахуалды зерделеу және талдау	10 383,3
	282		Облыстың тексеру комиссиясы	297 044
		001	Облыстың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	293 144
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3 900
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	333 842,1
		061	Мемлекеттік органдардың объектілерін дамыту	333 842,1
	718		Облыстың мемлекеттік сатып алу басқармасы	105 550
		001	Жергілікті деңгейде мемлекеттік сатып алуды басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	105 550
	727		Облыстың экономика басқармасы	184 884,9
		001	Экономикалық саясатты қалыптастыру мен дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	175 023,1
		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	2 680
			Бюджеттік инвестициялар және мемлекеттік-жекеш	

		061	елік әріптестік, оның ішінде концессия мәселелері жөніндегі құжаттаманы сараптау және бағалау	7 181,8
02			Қорғаныс	545 396,2
	120		Облыс әкімінің аппараты	162 397
		010	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	51 282
		011	Аумақтық қорғанысты даярлау және облыс ауқымдағы аумақтық қорғаныс	35 009
		012	Облыстық ауқымдағы жұмылдыру дайындығы және жұмылдыру	69 606
		014	Облыстық ауқымдағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою	6 500
	287		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, азаматтық қорғаныс саласындағы уәкілетті органдардың аумақтық органы	382 999,2
		002	Аумақтық органның және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерінің күрделі шығыстары	231 800
		004	Облыс ауқымдағы төтенше жағдайлардың	151 199,2

			алдын алу және оларды жою	
03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	8 710 680
	252		Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер органы	8 710 680
		001	Облыс аумағында қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті сақтауды қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	7 985 590
		003	Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермелеу	6 195
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	718 895
04			Білім беру	127 941 025,3
	120		Облыс әкімінің аппараты	10 473
		019	Сайлау процесіне қатысушыларды оқыту	10 473
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	599 694
		043	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	217 825
		044	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқитындарға	83 383

			әлеуметтік қолдау көрсету	
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	298 486
	261		Облыстың білім басқармасы	113 311 332,6
		001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	721 285,7
		003	Арнайы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша жалпы білім беру	2 927 333
		004	Мемлекеттік білім беру ұйымдарында білім беру жүйесін ақпараттандыру	102 765
		005	Мемлекеттік білім беру ұйымдар үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	880 801
		006	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балаларға жалпы білім беру	1 781 534
		007	Облыстық, аудандық (қалалық) ауқымдардағы мектеп олимпиадаларын, мектептен тыс іс-шараларды және конкурстар өткізу	50 417
			Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және	

		011	х а л ы қ қ а психологиялық-мед ициналық-педагоги к а л ы қ консультациялық көмек көрсету	631 743
		013	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	109 000
		024	Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында мамандар даярлау	7 199 934
		029	Білім беру жүйесін әдістемелік және қаржылық сүйемелдеу	1 253 811
		052	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жа п п а й кәсіпкерлікті дамытудың 2017- 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кадрлардың біліктілігін арттыру, даярлау және қайта даярлау	1 000 898
		055	Балалар мен жасөспірімдерге қосымша білім беру	2 489 915
		057	Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандар даярлау және білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету	90 976
		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	1 283 011,9
		081	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту	4 653 093

		082	Мемлекеттік бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беру ұйымдарында жалпы білім беру	66 996 424
		083	Ауылдық жерлерде оқушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастыру	57 913
		086	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап алғаны үшін	4 455
		087	Жетім баланы (жетім балаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға	223 505
		202	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске асыруға	7 771 074
		203	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында жан басына шаққандағы қаржыландыруды іске асыруға	13 081 444
	285		Облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасы	4 563 005,7
		006	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	3 877 139,7
		007	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында	685 866

			спорттағы дарынды балаларға жалпы білім беру	
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	9 456 520
		012	Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 307 846
		069	Қосымша білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	723 770,2
		082	Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	1 774 898,7
		099	Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	5 650 005,1
05			Денсаулық сақтау	11 223 340,6
	253		Облыстың денсаулық сақтау басқармасы	7 860 781,2
		001	Жергілікті деңгейде денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	221 019
		006	Ана мен баланы қорғау жөніндегі көрсетілетін қызметтер	248 105
		007	Салауатты өмір салтын насихаттау	25 049
			Қазақстан Республикасында Ж И Т С профилактикасы	

		008	және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру	90 711
		016	Азаматтарды елді мекеннен тыс жерлерде емделу үшін тегін және жеңілдетілген жол жүру мен қамтамасыз ету	152,6
		018	Денсаулық сақтау саласындағы ақпараттық талдамалық қызметтер	45 756
		023	Медициналық және фармацевтикалық қызметкерлерді әлеуметтік қолдау	250 000
		027	Халыққа иммундық профилактика жүргізу үшін вакциналарды және басқа медициналық иммундық биологиялық препараттарды орталықтандырылған сатып алу және сақтау	1 329 205,9
		029	Облыстық арнайы медициналық жабдықтау базалары	84 418
		030	Мемлекеттік денсаулық сақтау органдарының күрделі шығыстары	5 249
		033	Медициналық денсаулық сақтау ұйымдарының күрделі шығыстары	4 757 756,7
		039	Денсаулық сақтау субъектілерінің медициналық көмегін қамтитын қосымша медициналық көмектің көлемін көрсету, Call-орталықтардың	39 353

			қызметтер көрсетуі және өзге де шығыстар	
		041	Облыстардың жергілікті өкілдік органдарының шешімі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемімен қосымша қамтамасыз ету	397 390
		042	Медициналық ұйымның сот шешімі негізінде жүзеге асырылатын жыныстық құмарлықты төмендетуге арналған іс-шараларды жүргізу	255
		050	Қаржы лизингі шарттарында сатып алынған санитариялық көлік және сервистік қызмет көрсетуді талап ететін медициналық бұйымдар бойынша лизинг төлемдерін өтеу	366 361
	288		Облыстың құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы	3 362 559,4
		038	Денсаулық сақтау объектілерін салу және реконструкциялау	3 362 559,4
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	12 351 451,3
	256		Облыстың жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы	10 930 647,3
			Жергілікті деңгейде жұмыспен қамтуды	

		001	қамтамасыз ету және халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	232 604
		002	Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	895 755
		003	Мүгедектерге әлеуметтік қолдау	58 590
		012	Тірек-қозғалу аппаратының қызметі бұзылған балаларға арналған мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	106 082
		013	Психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет	2 878 493

			көрсету орталықтарында психоневрологиялық аурулармен ауыратын мүгедектер үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	
		014	Оңалту орталықтарында қарттарға, мүгедектерге, оның ішінде мүгедек балаларға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	102 179
		015	Балалар психоневрологиялық медициналық-әлеуметтік мекемелерінде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында психоневрологиялық патологиялары бар мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету	470 257
		018	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	53 205
		044	Жергілікті деңгейде көші-қон іс-шараларын іске асыру	2 914
		053	Кохлеарлық импланттарға дәлдеп сөйлеу процессорларын ауыстыру және келтіру бойынша қызмет көрсету	100 230

		067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	14 343
		071	Нәтижелі жұмыспен қамтуды дамыту шеңберінде кәсіпкерлікке оқыту	2 121,3
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	6 013 874
	261		Облыстың білім басқармасы	1 294 178
		015	Жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтік қамсыздандыру	934 516
		084	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша білім беру ұйымдарының күндізгі оқу нысанында оқитындар мен тәрбиеленушілерді қоғамдық көлікте (таксиден басқа) жеңілдікпен жол жүру түрінде әлеуметтік қолдау	3 175
		092	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	201 990
		095	Уақытша отбасына берілген шалғайдағы елді мекендерде тұратын мектеп жасындағы балаларды бағып-қағу	109 552
			Жетім балаларды ж ә н е ата-аналарының	

		201	камқорынсыз қалған, отбасылық үлгідегі балалар үйлері мен асыраушы отбасыларындағы балаларды мемлекеттік қолдау	44 945
	263		Облыстың ішкі саясат басқармасы	20 000
		077	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмір сүру сапасын жақсарту	20 000
	298		Облыстың мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы	106 626
		001	Жергілікті деңгейде еңбек қатынастарын реттеу саласында мемлекеттік саясатты іске асыру бойынша қызметтер	106 626
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	22 075 743,1
